

**Сағымбек Фатима Ғабитқызының «Азықтың тағамдық
құндылығы мен тиімділігін арттыратын биологиялық препаратты
әзірлеу» атты диссертация тақырыбына отандық
ғылыми кеңесшінің берген
ПІКІРІ**

Сағымбек Фатиманың зерттеу тақырыбы қазіргі ауыл шаруашылығы мен балық шаруашылығы саласында аса өзекті болып табылады. Жаңа биологиялық препараттарды әзірлеу арқылы азықтың тағамдық құндылығын арттыру және тиімділігін жоғарылату — өнімнің сапасын арттырумен қатар, мал мен балық шаруашылығында қоршаған ортаға зиян келтірмей, экологиялық қауіпсіздікті сақтай отырып тиімді өндіріс жүргізуге мүмкіндік береді.

Докторант ғылыми жұмыста биологиялық препарат әзірлеудің барлық сатыларын нақты айқындаған: жоғары антагонистік белсенділігі бар сүтқышқылды бактериялар штаммдарын окшаулау, оларды биохимиялық, микробиологиялық және генетикалық әдістермен зерттеу, штаммдардың қауіпсіздігін бағалау, тиімді композиция құрастыру жұмыстары жүзеге асырылған. Осы композициялар негізінде биологиялық белсенділігі жоғары пробиотикалық препараттардың технологиялық үлгілері жасалып, оларды өндіріске енгізуге арналған ұсыныстар әзірленді. Аталған биопрепараттар балықтардың негізгі азықтық рационына енгізіліп, олардың биологиялық және физиологиялық жағдайына әсері тәжірибе жүзінде зерттелді. Сонымен қатар, пробиотикалық препараттың балық ішек микрофлорасына сапалық және сандық тұрғыдан тигізетін әсері де талданды. Бұл препараттар ішек микрофлорасын қалпына келтіріп, балықтардың жалпы жағдайын жақсартады.

Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістер заманауи талаптарға сай, зерттеудің құрылымы логикалық тұрғыдан жүйелі, ғылыми жаңалығы жеткілікті дәрежеде ашылған. Атап айтқанда, қымыздан бөлініп алынған *Lactobacillus paracasei* – 010K штаммының микробиологиялық қасиеттері терең зерттеліп, молекулярлық әдістермен идентификация жүргізіліп, аталмыш штамм ҚР патентімен қорғалған және микроорганизмдер коллекциясында тіркелген.

Ізденуші «Экопробиотик» атты жаңа биологиялық белсенді препаратты әзірлеу арқылы отандық ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нақты іске асырып отыр. Ғылыми нәтижелердің өндіріске енгізілуі, апробациядан өтуі және ғылыми басылымдарда жариялануы – диссертациялық жұмыстың тәжірибелік және ғылыми маңызын арттырады.

Зерттеу нәтижелері бойынша жалпы саны 8 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде 3 мақала – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 1 мақала – Scopus халықаралық ғылыми базасына кіретін журналда, ал 2 мақала – халықаралық конференциялар жинақтарында жарық көрді.

Жүргізілген ғылыми зерттеулер негізінде екі патент алынды:

- №7343 сәйкестендіру нөмірі бойынша пайдалы модельге патент: «Ауыл шаруашылығы жануарларының, құстардың және балықтардың асқазан-ішек ауруларының алдын алуға және емдеуге арналған пробиотикалық препаратты алу үшін пайдаланылатын *Lactobacillus paracasei* – 010K сүт қышкылды бактерияларының штаммы»;

- №36625 сәйкестендіру нөмірі бойынша өнертабысқа патент: «Балықтың өсуін ынталандыруға, ауруларының алдын алуға және емдеуге арналған пробиотикалық препарат».

Қорыта келгенде, Сағымбек Фатиманың «Азықтың тағамдық құндылығы мен тиімділігін арттыратын биологиялық препаратты әзірлеу» атты диссертациялық жұмысын 8D05101-«Биотехнология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңеске ұсынуға болады деп есептеймін және оның авторына философия докторы PhD дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Ғылыми жетекші:

Алматы технологиялық
университетінің «Тағамдық
биотехнология» кафедрасының
қауымд. профессор м.а., PhD

Абдигалиева Т.Б.

